

**ИДЕОГРАФИЯЛЫҚ ОҚУ СӨЗДІКТЕРІНДЕГІ СӨЗДЕРДІ
ТАҚЫРЫПТЫҚ ТОПҚА БӨЛУДІҢ МАҢЫЗЫ**

Алиева Д.А.

Қазіргі кезде лингвистикада лексикографияның негізгі салалары қалыптасып, даму, толығу үстінде. Лексикография ғылымының өз ішінде де жаңа салалары бой көтеріп, қалыптасуда. Солардың бірі – оқу лексикографиясы. Лексикографияның теориялық мәселелеріне оқу лексикографиясы саласын қосқан ғалым В.В. Морковкин болды. Ол ғалым П.Н. Денисовтың қарастырған сөздіктер типологиясы мен сөздіктің элементтері мәселелеріне тағы да бес аспектіні қосты. В.В. Морковкин «лексикография» ұғымының мазмұнын ашу төмендегі мәселелер міндетті түрде ескерілуі қажет екендігін айтады. Оларға: Сөздіктік лексикология; Сөздіктердің типтері туралы ілім; Сөздіктің құрылымдық элементтері туралы ілім; Лексикографиялық құрастырманың негіздері туралы ілім; Бастапқы сөздіктік материалдар туралы ілім; Сөздік түзу ісін жоспарлау туралы ілім; Сөздік түзу ісін ұйымдастыру туралы ілімі жатады.

Қазақ тіл білімінде оқу лексикографиясы да бірқатар қарастырылған. Ж. Байниязова «Қазақ лексикографиясы: біртүрлі оқу сөздігін түзудің ғылыми негіздері» атты кандидаттық диссертациясында атап өтуге болады.

Оқу лексикографиясы – лингвистика мен лингводидактиканың арасынан қажеттіліктен туындап, білім беруде оқыту, тілді меңгерту мәселелерін көздейтіндігі белгілі. Сөздік жасаушылар оқырманның тілді өз бетінше меңгеруіне жағдай туғызады. Ол оқырманмен белгілі бір қашықтықтан, оқу сөздігінің беттерінен тілдесіп отырады. Демек сөздік алдымен дидактикалық туынды, ол оқытуға, үйретуге арналған туынды болып табылады. Солардың қатарынан идеографиялық оқу сөздіктері де орын алады. Қазақ тіл білімінде идеографиялық оқу сөздіктерді құрастыру жағынан тәжірибе әзірге жоқ. Бірақ оны құрастырудың бірқатар теориялық мәселелері Иісова Э.Ә «Идеографиялық оқу сөздігінің тілдік жүйені меңгертудегі орны» атты диссертациясында қарастырылған. Сөздіктегі сөз мағынасын ашу, лексикалық бірлікке анықтама беру мәселесі – сөздік жасаудағы ең басты назарда ұстайтын жайт. Себебі ол сөздіктің түрі мен ішкі құрылымына ерекшеліктеріне және кімге арналғандығына негізделеді. Сөздіктің біртүр-

лі, екітүрлі және көптүрлі түрлері болады. Соның ішінде біртүрлі идеографиялық оқу сөздігін құрастыру – өзекті мәселелердің бірі. Дидактикадағы жеңілден ауырға қарай принципін негізге ала отырып, жалпы біртүрлі идеографиялық оқу сөздігін құрастыруды бастаушы сынып оқушыларына арналған сөздіктен бастаған дұрыс болады деген ойдамыз. Біртүрлі сөздікте негізінен оқырмандардың жас ерекшеліктері, білім дәрежесі, тілді білу деңгейі ескеріледі. Сөз мағынасы соған байланысты ашылады. Идеографиялық оқу сөздіктерінде сөздер мағынасы бойынша, тақырыптарға жіктеледі де белгілі тақырып төңірегінде топтасып, өзара мағыналық байланыста болады.

Адам
Табиғат
Өсімдік
Жануарлар
Отан

Тақырыптық топтарға бөліп құрастыру тілін оқытуда өте маңызды. Оның өзіндік бірқатар ерекшеліктері, артықшылықтарын орыс лексикографі Л.А. Новиков «Учебная лексикография и ее задачи» атты еңбегінде саралаған атап айтқанда: 1. Белгілі бір тақырып төңірегінде топтасқан сөздерді пайдалана отырып, жаттығу, тіл ұстарту, тіл дамыту жұмыстарын жүргізген әлдеқайда жеңіл. 2. Бір тақырып төңірегінде топтасқан сөздер есте сақтауға ыңғайлы. 3. Оқу материалын белгілі бір тақырып бойынша топтастыру оқушыларға тілдің өзіндік ерекшелігін, болмысын, сипатын түсінуге көмектеседі. Осы мәселелерді ескере отырып, жоғарыдағы екінші сынып оқушыларына арналған сөздік жасау жұмысын әрі қарай саралауға болады. Адам өміріне қажет заттар. **Ауа, су, тамақ, жылу, жарық (күн)**, т.б. Идеографиялық оқу сөздіктерде кез-келген лексикалық бірліктер беріле бермей, онда нақты бір тақырып бойынша шоғырланған мағыналар ғана ашылады. Сөздік түзуде алдымен қажетті тақырыптар анықталып, кейін әр тақырыпқа қажетті сөздер нақтыланады. Сөздік кешенді сипат алуы тиіс. Әр тарау өз ішінен тақырыпшалар мен шағын тақырыптарға жіктелуі керек. Идеографиялық оқу сөздіктердегі лексика алфавит тәртібімен берілмей, сөздер-

дің мағынасына қарай жүйеленеді. Тақырыптық сөздіктерде сөздердің қолданылатын саласы, қарым-қатынас тақырыптары басты назарда болады. Идеографиялық оқу сөздіктерде тілдік материал ретінде белгілі бір тақырып айналасындағы сөйленістер мен мәтіндер алынады. Сөздер тақырып ортақтығына байланысты жүйелеу жолымен іріктеледі. Тақырыптық сөздіктерде түсіндірме сөздік материалдары қосымша көз, көмекші материал ретінде пайдаланылып, идеографиялық оқу сөздіктердің негізгі нысаны сөздердің тақырыптық бірлігі болып табылады. Сонымен қатар сөздікке енетін сөздерді жүйелегенде жанды зат есім атауларына **адам** мен **жануарлар** тобын енгізсек, жансыз зат атаулары мынадай тақырыптық топтарға жіктеледі: «Өсімдік», «Табиғат», «Отан», т.б. Аталған топтар одан әрі ұсақ топтарға жіктеледі. Идеографиялық оқу сөздіктерде тақырыптық топ – ең алдымен тілден тыс факторларды – тақырыптық лексика қолданылуының түрлі контекстерін сипаттайды. Сөздік түрі сөздердің сұрыпталуына байланысты. Идеографиялық оқу сөздіктерде енетін, іріктелетін сөздер қатарына бір мағыналы сөз, көп мағыналы сөздің лексика-семантикалық варианты, тұрақты сөз тіркесі, атауыш тіркес, еркін тіркестер қамтылуы мүмкін. Идеографиялық оқу сөздіктерінің тақырыптық микрожүйе құрастыруда сол тақырыпқа сәйкес сөзжасам модельдері, сөзжасамдық ұялар да ескерілуі тиіс. Көпмағыналы сөздердің әрбір мағынасы түрлі тақырыптарда берілуі мүмкін. Идеографиялық сөздікте түрлі сөз табына жататын сөздер ортақ мағынасына сәйкес бір семантикалық өріске жинақталуы мүмкін. Идеографиялық оқу сөздіктер түзуде түсіндірме сөздіктерді пайдалана отырып, сөздерді алфавит тәртібімен орналастырумен қатар ішкі мағыналық байланыста беруге болады. Сондай-ақ белгілі бір семантикалық бірліктегі сөздерді жүйелі түрде шоғырландыру арқылы материалды іріктеуге болады. Мысалы: **Адамдар мамандығының аттары:**

*Дихан
Егінші
Диірменші
Наубайшы
Қамбашы
Жүргізуші
Комбайыншы
Тракторшы
Агроном
Сатушы*

Сөздің мағыналық құрылымын сипаттаудың түрлі тәсілдері бар. Идеографиялық сөздіктердегі мағынаның ашылуы тілдік материалдың ерекшелігіне және сөздіктің типіне, оның мақсат-міндеттеріне байланысты.

Сөзге берілетін анықтама мектепке дейінгі балаларға арналып жасалатын шағын сөздікшеде – бір түрлі болса, мектеп оқушыларына арналған сөздікте – екінші түрлі, ал жалпылама қолданымға арналып түзілетін үлкен сөздікте – үшінші түрлі болуы мүмкін.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Морковкин В.В. Учебный тематический словарь русского языка.
- 2 Денисов П.Н. Типология учебных словарей. В книге: Проблема учебных словарей. – Изд-во МГУ, 1977.
- 3 Байниязова Ж. Қазақ лексикографиясы: біртүрлі оқу сөздігін түзудің ғылыми негіздері.
- 4 Иісова Э.Ә. Идеографиялық оқу сөздігінің тілдік жүйені меңгертудегі орны.
- 5 Новиков Л.А. Учебная лексикография и ее задачи.

Резюме

В статье рассматривается роль идеографического словаря как одного из основных вспомогательных средств в углубленном профессиональном изучении языка.

Conclusion

Role idea graphic dictionary is considered in article as one of the main auxiliary facilities in deepened, professional study of the language.

ҚАЗАҚТАРДЫҢ ТҮРКИЯҒА КӨШПІ БАРУ СЕБЕПТЕРІ

Бекмурзина Ж.Т.

Қазақ халқы – Жұбан ақын жырлағандай «мың өліп, мың тірілген» халық. Сонау Азияның кіндігінде өмір сүріп отырған қазақтар не үшін, қалай және қашан Түркия еліне қоныс

аударды деген заңды сұрақтар туындайды. Түркияның Кония және Анкара уәлаяттарының шеткері аудандарында тек түр-түсі ғана емес, мінез-құлқы, әдет-ғұрыптары да қазаққа